

# “Мәңгілік елімнің-мәңгілік тілі”


Ақсу №2 орта мектебі  
Бастауыш сынып мұалімі  
Мырзабекова У.Т.

## **Мақсаты:**

- 1. Оқушыларға ана тілінің қадір - қасиетін ұғындыру, елін - жерін сүйетін, егеменді еліміздің ертеңі болар саналы, білімді, ұлтжанды азамат тәрбиелеу.**
- 2. Оқушылардың сөйлеу әрекеттерін, танымдық қызығушылықтарын дамыту;**
- 3. Ана тілін терең меңгеруге құштарлықтарын ояту, ана тілінің кең қанат жаюына үлес қосуға, мақтан тұтуға тәрбиелеу.**







Қазақстан  
Республиканың  
Ата Заңында





## Қазақстан мемлекетінің тіл туралы заңы


1. Мемлекеттік тілдің мемлекеттік басқару тілі ретінде қолданылуын нақтылау;
2. Тіл саласындағы нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру, әсіресе жаңа технология саласында
3. Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді меңгеру міндеттерін орындау үшін шаралар қолдану;
4. Тіл туралы Заңды жүзеге асыруға қажетті ғылыми-әдістемелік, материалдық-техникалық және кадрлық ресурстарды барынша тиімді пайдалану;
5. Тілді оқыту мен үйретудің озық әдістемелері мен жаңа технологияларын енгізу;
6. Мемлекеттік тілдің қоғамдық қызмет аясын кеңейту, іс-қағаздарын кезең-кезеңімен мемлекеттік тілге көшіруді нақты қолға алу.



**Мемлекеттік  
тіл – менің  
тілім!**







ҚАЗАҚ ТІЛІ -  
ТӘРБИЕСІНІҢ  
ҚҰРЛАҒЫСЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ

ҚАЗАҚ ТІЛІ

**Ұлттық қазынамыз**

**Әдебиет**

**Байлығымыз**

**Мәдениет**

**Достық көпірі**

**Халықтың күре  
тамыры**

**Намысымыз**

**Тіл**

**Қарым-қатынас  
құралы**



## Ақын-жазушылардың тіл туралы пікірлері



- Тілдің тіршіліктегі мәніне қазақ ежелден көңіл бөлген. Сондықтан да “өнер алды- қызыл тіл” дейді.

С.Мұқанов



Мұхтар Әуезов

Кімде-кім қазіргі  
уақытта ана тілін,  
өзінің әдебиетін  
сыйламаса,  
бағаламаса, оны  
сауатты,  
мәдениетті адам  
деп санауға  
болмайды.





Анамыздың ақ  
сүтімен бойымызға  
дарыған тілімізді  
ұмыту – бүкіл  
ата-бабамызды,  
тарихымызды ұмыту.

Б.Момышұлы



*Ана тілін  
ұмытқан адам  
өз халқының  
өткенінен де,  
болашағынан  
да қол үзеді ...*

*Ғабит  
Мүсірепов*







**Ана тілін білмейтін  
адам бір қолы жоқ  
шолақ адам секілді**

**Ғ. Мұстафин**

## Тіл туралы мақал-мәтелдер:

- Тіл – атадан қалған асыл мұра.
- Өз тілің – бірлік үшін,  
Өзге тіл – тірлік үшін.
- Ұлттың қуаты – тілінде.
- Тіл – қылыштан да өткір.
- Сөз – көмек, тіл – құрал.
- Тілін білмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер - мәңгүрт.



Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Ақылдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады.	Г.Лаубе
Туған тіліне жаны ашымаған адам – жәндік.	К.Паустовский
Тіл – ұлттың жан дүниесі.	Л.Толстой
Қандай да болсын халықтың әдет-ғұрпын үйренгің келсе, алдымен оның тілін үйрен.	Пифагор
Егер ертең туған тілім жоғалар болса, мен бүгін өлуге даярмын.	Р.Ғамзатов
Тіл жоқ жерде - ұлт жоқ.	Ш.Айтматов

## Мақал-мәтелдің, қанатты сөздердің жалғасын табу.

1. Тіл - адам ойының ... (айнасы)
2. Андамай сөйлеген ... (ауырмай өледі)
3. Ойнап сөйлесен де... (ойлап сөйле)
4. Айтылған сөз, ... оқпен тең (аттылған)
5. Бал тамған тілден ... тамар (у)
6. Көп сөз - ... (бос сөз)
7. Көп сөз - күміс, аз сөз - ... (алтын)
8. Таза сөйлеу – биік ... (мәдениеттілік)



Сүйемін туған тілді – анам тілін,  
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.  
Шыр етіп жерге түскен минутымнан,  
Құлағыма сіңірген таныс үнін

С.Торайғыров